

Біріккен Ұлттар Ұйымы Дүниежүзілік  
денсаулық сақтау ұйымының  
Алматы декларациясының  
35 жылдығына арналған  
Халықаралық конференцияның  
қатысушыларына

## Құрметті конференцияға қатысушылар, қымбатты достар!

Біріккен Ұлттар Ұйымының Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы мен Балалар қорының Алматы декларациясына қол қойылғанына 35 жыл толуына арналған Халықаралық конференцияға қатысушыларды Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының атынан шын жүректен құттықтауымды жолдаймын.

1978 жылы 12 қыркүйекте 157 елдің өкілі қатысқан Алматы декларациясы медициналық қызметті ұйымдастыру және бүкіл әлемде халық денсаулығын қамтамасыз ету ісінде басты халықаралық құжаттардың біріне айналды. Онда тұрғыш рет алынған медициналық-санитариялық жәрдемінің ұлттық жүйесін ұйымдастыру тұжырымдамасы халықтың денсаулығы мен саламаттылығын жақсартудың аса маңызды құрамдас бөлігі ретінде көрсетілді.

Декларация барша адамдар денсаулығының қанағаттанарлық деңгейін қамтамасыз ету үшін денсаулық сақтау саласының өз жүйесі шеңберінде мемлекеттер, жеке алында әрбір елдегі түрлі әлеуметтік-экономикалық секторлар, сондай-ақ қоғамдық және кәсіптік топтар арасындағы ынтымақтастыққа қатысты әлемдік қауымдастықтың бір пікірде екенін көрсетті.

Бүкіл дүние жүзінде Алматы декларациясының ізін қамдаптарғы бүгінгі күні де планета халықтарының игілігіне лайықты қызмет етуде.

Қазақстанды 1978 жылы Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы мен Біріккен Ұлттар Ұйымының ЮНИСЕФ конференциясын өткізу аяғы ретінде таңдау отандық медицинаның жетістіктерін таныпандықтың белгісі болды және республикамыздың ағамы мен халықаралық беделінің осыған жасады. Орайлы сәтті пайдалана отырып, осы форумды ұйымдастырудың және оның жұмысының бастауында болған барша азаматтарға алғысымды білдірім келеді.

Бүгінгі таңда әлемдік қауымдастықтың басқа мемлекеттері сияқты Қазақстанның да алдында жаңа міндеттер тұр. Мемлекет Басшысы алдымызға қойған «Қазақстан - 2050» Стратегиясын жүзеге асыра отырып, біздің ел оның өзекті басымдықтарын орындауды - медициналық қызметтің сапасы мен қолжетімділігін арттыруды, ауруға шалдығудың алдын алудың ролін күшейтуді, халықтың саламатты өмір салтын ұстануын көздейді.

Сіздер бас қосқан осынау мерейтойлық маслихаттың 1978 жылғы Алматы көздерінің айтулы дәстүрлерін жалғастырып, дүниежүзілік денсаулық сақтауды дамыту ісіне қомақты үлес қосатынына сенімдімін.

Конференция қатысушыларына барлығына бақыт, денсаулық, амандық, жұмыстарыңызға сәттілік тілеймін.

Қазақстан Республикасы  
Парламенті Сенатының  
Шарасы

Тимур  
Қасым-Жомарт ШОҚАЕВ

2013 жылғы 6 қараша